

ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы

Қымбатты отандастар! Құрметті Парламент депутаттары мен Үкімет мүшелері!

Биыл егемен ел болғанымызға 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік – біздің ең қастерлі құндылығымыз.

Қазақстан Тұңғыш Президентіміз – Елбасының дара саясатының арқасында табысты ел ретінде бүкіл әлемге танымал болды.

Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұракты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік.

Мемлекеттілігімізді нығайту үшін бір ел болып еңбек етіп жатырмыз.

Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес.

Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы.

Барлық бастамамыз осыған бағытталуда.

Біз тұғыры мығым ел болу жолында қедергілерді еңсеріп, қындықтарды жеңіп келеміз. Мұның бәріне берекелі бірлік пен еселі еңбек арқылы жеттік.

Еліміз Тәуелсіздік жылнамасының төртінші онжылдығына қадам басқалы тұр. Бұл кезеңнің оңай болмайтыны қазірдің өзінде айқын байқалуда. Сондықтан, кез-келген сын-қатерге дайын болуға тиіспіз. Тынымсыз ізденіп, ұдайы алға ұмтылуымыз қажет.

Менің Қазақстан халқына биылғы Жолдауым мынадай мәселелерге арналады.

I. ПАНДЕМИЯДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

Орталық Азиядағы экономикасы ең ауқымды ел саналатын Қазақстан қазір пандемияның зардабын тартуда. Дегенмен, қындықтарға қарамастан, бағдарымызды берік ұстанып келеміз.

Біз орта мерзімді экономикалық саясатымызды айқындалап, мемлекеттік бастамаларды реттеу үшін 2025 жылға дейінгі дамудың Ұлттық жоспарын және Мемлекеттік жоспарлаудың жаңа жүйесін қабылдадық. Ұлттық жобалар бекітілетін болады.

Стратегиялық маңсатымыз – Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлімізді күшайту және әлемдік экономикадағы орнымызды нығайту.

Экономикамызға тікелей инвестиция тарту ісін жалғастырудың жаңа тәсілі ретінде Стратегиялық инвестициялық келісім ұғымы енгізілді. Квазимемлекеттік секторды оңтайландыру үшін нақты шараларды қолға алдық. "Бәйтерек" және "ҚазАгро" холдингтерін біріктірдік. Еншілес компаниялар екі есе азайды, олардың штат санын бір жарым есе қысқарттық. Жаңа, қуатты даму институтын құрдық.

Пандемия кезінде мемлекет азаматтарға және қәсіпкерлерге ауқымды әрі жедел қолдау көрсетті.

"Қарапайым заттар экономикасы" бағдарламасы өзінің тиімділігін дәлелдеді. Оны жүзеге асыру барысында 3,5 мыңдан астам жоба іске қосылды. Сондай-ақ, 70 мың жұмыс орны ашылды. Өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтің жалпы құны 3,5 триллион теңге болды.

"Бизнестің жол картасы" бағдарламасының арқасында 66 мың жоба мемлекет тарарапынан қолдау тапты. Бұл 150 мыңдан астам жұмыс орнын ашуға және сақтап қалуға септігін тигізді.

Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастама экономикаға айтарлықтай әсер етті. Ең бастысы, оның әлеуметтік ықпалы айрықша болды. Осы шараның арқасында миллионнан астам азаматымыз тұрғын-үй жағдайын жақсартты. Кейбірі ипотекалық қарызын азайтты.

Жалпы экономикалық дамуымызда оң үрдіс бар екені сөзсіз. Алайда, бүгінгі ахуалдың әлі де құрделі екенін ашық айтуымыз керек. Сондықтан, мен "Қарапайым заттар экономикасы" және "Бизнестің жол картасы" бағдарламаларының мерзімін 2022 жылға ұластыру туралы шешім қабылдадым. Бұл маңсатқа бөлінетін қаржының жалпы көлемі кемінде бір триллион теңге болады.

Қазақстан мемлекеттік қарызы аздығының және едәуір қоры болғанының арқасында індет салдарын біршама тиімді еңсеруде. Бұл – біздің елеулі бәсекелік артықшылығымыз. Одан айырылып қалмауымыз керек.

Алайда, соңғы кезде бюджеттің шығыс бөлігіндегі міндеттемелерді орындау үшін бюджет тапшылығы ұлғайып, Ұлттық қордан алынатын трансфертер көбеюде. Үнемі осылай "ауырдың үстімен, жеңілдің астымен" жүре алмаймыз. Біздегі қаржылық орнықтылықтың қоры соншалықты шексіз емес.

Бюджеттің кірісін арттыру үшін шаралар қабылдау қажет екені сөзсіз. Бірінші кезекте, мемлекеттік шығыстардың ауқымын және оның тиімді жұмсалуын бақылауда ұстау керек.

Ұлттық қордың активтерін қалпына келтіру үшін бюджет ережесін енгізуі тездеткен жөн. Бұған қажетті заңнамалық өзгерістер осы жылдың сонына дейін қабылдануға тиіс.

Жалпы, елімізге мемлекет қаржысын, атап айтқанда, мемлекеттік қарызды, бюджет саясатын және Ұлттық қорды басқарудың ережелер жинағы қажет.

Үкімет пен Ұлттық банктен жыл сонына дейін Мемлекет қаржысын басқару тұжырымдамасын өзірлеуді сұраймын.

Сонымен бірге, экономиканы әртараптандыру, өндірілетін тауарлардың түрін көбейтіп, экспорт географиясын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастыру керек.

2020 жылдың қорытындысы бойынша, индустрияландыру жүзеге асырылып жатқан 10 жыл ішінде тұңғыш рет өндеу өнеркәсібінің экономиканы дамытуға қосқан үлесі тау-кен өндірісі саласынан асып тұсті.

Орта мерзімдегі мақсатымыз – 2025 жылға қарай өндеу өнеркәсібінің экспортын 1,5 есеге көбейтіп, 24 миллиард долларға жеткізу. Ал, еңбек өнімділігін 30 пайызға арттыру.

Әзірленіп жатқан "Өнеркәсіп саясаты туралы" заң өндеу өнеркәсібінің алдында тұрған сауалдарға жауап беруге тиіс.

Соның бірі – шикізатқа қол жеткізудің қыындығы. Отандық өнеркәсіп үшін шикізат тауарларының бағасы қолжетімді, ал көлемі жеткілікті болуы керек деген қарапайым ережені енгізуіміз қажет.

Үкімет жыл сонына дейін осы маңызды міндетті шешудің оңтайлы жолын табуға тиіс.

Бұл ретте, еліміздің ресурстық әлеуеті толық ашылмағанын, геологиялық тұрғыдан зерделену деңгейі төмен екенін қаперден шығармаған жөн.

Сапалы геологиялық ақпараттың инвесторларға қолжетімділігін арттыру қажет. Осыған орай тұрлі ведомстволарға бағынатын бытыраңқы мекемелердің негізінде тиімді Ұлттық геология қызметін құру керек.

Бұл орган жер қойнауын кімге және қалай беруді шешетін монополистке айналмауға тиіс. Оның міндеті – инвесторларға кешенді қызмет көрсетіп, қолдау білдіру.

Жер қойнауын пайдалану саласына, әсіресе геологиялық барлау және жер қойнауын кешенді зерттеу ісіне тың серпін қажет.

Ұлт жоспары аясында басталған реформаларды сонына дейін жеткізген жөн. Атап айтқанда, геологиялық ақпараттың ашық цифрлық мәліметтер базасын құрып, оны инвесторлар үшін қолжетімді ету керек.

Жер қойнауы – ұлттың байлығы. Оны пайдалануға беруді оңаша кабинеттерде "бармақ басты, көз қыстымен" шешу заңсыз деп танылуға тиіс. Тиісті органдар бұл мәселе бойынша бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

Келесі мәселе. Мемлекеттің экономикаға тым көбірек араласуы оның өсімін тежейді, сыйайлар жемқорлыққа және заңсыз лобби жасауға әкеп соқтырады.

Мемлекеттік кәсіпорындар әлі де болса көптеген салада басымдыққа ие, женілдіктерді жеке дара пайдаланады.

Біз бұл проблемаларды шеше бастадық.

Мәселен, Мемлекеттік басқару тұжырымдамасында квазимемлекеттік секторды қысқарту және оның тиімділігін арттыру, жұмысының ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қаастырылған.

Реформалар жөніндегі жоғары кеңес жекешелендірудің жаңа жоспарын макулдады. Енді оны қатаң бақылау қажет.

Бұдан басқа да мәселелер бар. Атап айтқанда, жекелеген ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар шығынға батып жатыр. Сөйті тұра неге олардың бірінші басшылары жауапкершілік арқаламайды?

Үкімет бұл мәселені шешуі керек.

Сонымен бірге, біз инфляцияның бақылаусыз өсу проблемасымен бетпе-бет келдік. Үкімет пен Ұлттық банк бәрін әлемдік үрдіске жауып, инфляцияның алдында қауқарсыздық танытып отыр.

Мұндай сылтау ұлттық экономиканың әлсіздігін көрсетеді. Онда "біздің кәсіби экономистеріміздің рөлі қандай?" деген сауал туындейды.

Үкімет пен Ұлттық банктің басты міндеті – инфляцияны 4-6 пайыз деңгейіне қайтару.

Жалпы сомасы 6,3 триллион теңге жұмсалған дағдарысқа қарсы шаралар жүзеге асырылғаннан кейін экономикамызда артық ақша пайда болды. Алайда, бұгінгі таңда бөлінген қаржы әлі бармай жатқан салалар бар. Екінші деңгейдегі банктер шағын жобаларға, әсіресе ауылға арнап ақша салмайды.

Сондықтан, микроқаржы ұйымдарының әлеуетін іске қосу керек. Олар жергілікті жерде жұмыс істейді. Өзінің тұтынушыларын, олардың бизнесі мен мүмкіндіктерін жақсы біледі.

Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бұл мәселе бойынша шешімдер топтамасын әзірлеуі қажет.

Стресті активтер деңгейін төмендету жұмысы да айрықша маңызға ие.

Біз мемлекет банкирлерге көмектеспеуге тиіс деген шешім қабылдадық.

Сонымен бірге, шектеу қойылып, бұғатталған активтерді экономикалық айналымға қайтару керек. Алайда, мұны тек қана нарықтық негізде жүзеге асырған жөн.

Бұған заңнамалық негіз болуы қажет.

Үкімет Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп, жылдың сонына дейін тиісті заң жобасын Парламентке енгізсін.

Енді инфляцияның монетарлық емес тұстарына тоқталайық. Оның ең бастысы – азық-түлік бағасы.

Қазақстанның ауыл шаруашылығының әлеуеті орасан зор екені көп айтылады. Бірақ, агроенеркәсіп кешені саласында қордаланған проблемалар да аз емес.

Ең алдымен, бұл – азық-түлік тауарларының бағасын белгілеудің және оны бөліп-таратудың тиімсіз жүргізілуі.

Мен бұған дейін көтерме-тарату орталықтарының желісін құрудың маңыздылығы туралы айтқан болатынмын. Бұл міндет орындалып жатыр.

Осы орталықтардың шағын ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге, соның ішінде, жеке қосалқы шаруашылықтарға да қолжетімді болуын қамтамасыз ету маңызды. Бұл нарықтың монополиялануына жол беруге болмайды.

Сонымен бірге, өнім өндірушіден тұтынушыға дейінгі аралықтағы бағаның бәріне бірыңғай бақылау жасау қажет. Қазір осы жұмысқа біrnеше мекеме жауапты. Әр жолы баға шарықтағанда олар байыппен сараптама жасап, тиімді шаралар қабылдаудың орнына бір-біріне сілтей бастайды.

Бұл жұмысты ретке келтіретін кез келді. Жауапкершіліктің ара-жігін ажырату керек. Бір мекемені басты орган ретінде айқындалап, өзгелерінің өзара іс-қимылын нақты белгілеу қажет.

Үкімет осы мәселе бойынша бір айдың ішінде шешім қабылдауға тиіс.

Екіншіден, ауа-райының қолайсыздығы мал шаруашылығында түйткілді мәселелер бар екенін көрсетті.

Біз жедел шара қабылдап, жем-шөп тапшылығына байланысты ахуалды реттедік.

Дегенмен, бұл салада әлі де жүйелі жұмыс атқару керек.

Жем-шөп дайындауға қажетті жер көлемін кеңейткен жөн.

Сондай-ақ, егіс алқабына әр жылы әртүрлі дақыл егу талабын сақтау үшін тиісті бақылауды күшейткен абзal.

Ғарыштық мониторинг және қашықтан зондтау мүмкіндігін кеңінен қолдану керек.

Жайылымдық жерді тиімді пайдалану да өте маңызды.

Қазір мал жаятын жерге шаруалардың қолы жетпей жүр.

Әйткені, мұндай алқаптарды кейбір белгілі адамдар иеленіп алған. Тіпті, оны адам аяғы баспайтында етіп қоршап тастаған.

Әкімдер түрлі себептерді сылтаурашып, ықпалды адамдардың ығына жығылып, бұл мәселені шеше алмай отыр.

Үкімет құзырлы органдармен бірлесіп, осы ахуалды өзгертетін батыл шаралар қабылдауға тиіс.

Жеке қосалқы шаруашылықтардың малын жайылымдық жермен қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аудару қажет.

Олардың құқықтық мәртебесі және көрсетілетін қолдау тәсілдері "Жеке қосалқы шаруашылықтар туралы" бөлек заңда көрініс табуы керек.

Үкімет бұл заң жобасын өте қысқа мерзімде әзірлеуге тиіс.

Ветеринария саласын да жетілдіру қажет.

Бұл салада орталық пен өнірлер арасындағы міндеттер мен құзыреттер нақты бөлінуі керек.

Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты.

Бұл, түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді.

Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес.

Сондықтан, осы салада жүйелі жұмыс атқарылуға тиіс.

Атап айтқанда, үдерістерді цифрландыру, мәлімет жинау және оны автоматтандыру, маман даярлау және олардың жалақысын көбейту шаралары.

Үкімет жыл сонына дейін ветеринария жүйесін реформалау жөнінде нақты шаралар қабылдауды керек.

Үшіншіден, біздің аграрлық саясатымызда сабактастық болмай отыр. Министр ауысса, саланың саясаты да өзгереді.

Мұндай жағдайда шаруаларға алдағы жұмысты жоспарлау қынға түседі.

Бірыңғай негізгі бағыт болуы қажет.

Соған сәйкес субсидиялау тәсілдерін қайта қарап, тұрақтандыру керек.

Келесі мәселе.

Соңғы бес жылдың өзінде субсидиялауға екі триллион теңгеден астам қаржы бөлінді.

Өкінішке қарай, агроОнеркәсіп кешеніне қатысты қозғалған қылмыстық істердің жартысынан астамы субсидияны талан-таражға салуға байланысты болып отыр.

Бұған жол беруге болмайды.

Нормативтік негізін нығайтып, тиімді жоспарлау және мониторинг жүргізу жүйесін енгізу қажет.

Субсидияны рәсімдеу тәртібі түсінікті әрі толығымен ашық болуға тиіс.

Шағын және орта шаруашылықтар үшін субсидия толығымен қолжетімді болуы керек.

Ауыл шаруашылығын технологиялық тұрғыдан қайта жабдықтауды қолдау тәсілдерін мұқият қарауымыз қажет.

АгроОнеркәсіп кешені қолданатын технологияның шамамен 90 пайызы әбден ескірді. Оны жаңарту керек.

Ауыл шаруашылығын субсидиялау саясатын өнеркәсіп саласындағы мемлекеттік саясатпен ұштастырған жөн.

Үкімет пен "Бәйтерек" холдингі осы мәселе бойынша ұсыныстар әзірлеуі қажет.

Жалпы, ауыл шаруашылығы саласының басты міндеті – елімізді негізгі азық-түлік өнімімен толық қамтамасыз ету.

Мен биыл ауыл шаруашылығы жерлерін шетелдіктерге және олардың қатысы бар компанияларға сатуға және жалға беруге біржола тыйым салған заңға қол қойдым.

Жер кодексіне қазақстандық инвесторларды ауыл-аймақтарды дамыту үшін қаржы салуға ынталандыратын түзетулер енгізілді.

Бұл өзгерістер ауыл шаруашылығы жерлерін толық экономикалық айналымға түсіруге мүмкіндік береді.

Шын мәнінде, осы шешімдердің барлығы агроөнеркәсіп секторына оң ықпал етеді.

Соның арқасында ауыл шаруашылығы ұлттық экономиканың негізгі қозғаушы күшіне айналады деп сенемін.

Келесі мәселе. Қазіргі заманда бәсекеге қабілеттіліктің басты факторының бірі – барынша цифрландыру.

Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар трансферті, Индустрія 4.0 элементтерін енгізу айрықша маңызды. Біз шетелдегі стратегиялық серіктестерімізben белсенді жұмыс істеуге тиіспіз.

Сонымен бірге, отандық IT-секторды дамытып, қүшайте тусу де маңызды. Елімізге жас, білімді әрі ынталы мамандар керек. Цифрландыру жөніндегі ұлттық жобаның аясында кемінде 100 мың жоғары білікті IT-маман даярлау қажет.

Цифрлық саладағы қызметтер мен тауарлардың экспорты 2025 жылға қарай кемінде 500 миллион долларға жетуге тиіс.

Осы және басқа да міндеттер мемлекеттік секторды толығымен "цифрлық қайта жүктеуді" талап етеді. Мұндағы бұрыннан келе жатқан басты түйткіл – мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің өзара тиімді кіріктірілмеуі. Бұл мәселе түбекейлі әрі тезірек шешімін табуы керек.

Біріншіден, "Электронды үкіметтің" мүлде жаңа құрылымын жасау керек. Мемлекеттік сектордың барлық IT-бастамасы тек қана қазақстандық мемтекстың жаңа платформасына негізделеді.

Бұл платформа қайталауларды, тиімсіз шығыстарды және бюрократияны жояды. Мемлекеттік қызметтер азаматтарға смартфоннан 100 пайыз қолжетімді болады.

Екіншіден, біз мемлекеттік органдардың бизнес-үдерісін түгел қайта қарап, цифрлық форматқа көшіретін Цифрлық трансформация орталығын ашамыз.

Үшіншіден, ұлттық компаниялар IT-қауымдастықпен өзара қарым-қатынас жасайтын платформа құруымыз қажет. Квазимемлекеттік сектордың цифрлық қажеттілігі мен сұранысы барынша отандық компаниялардың күшімен қамтамасыз етілуге тиіс.

Төртіншіден, мәлімет беру желісін халықаралық дәліздермен ұштастыра отырып, оны біртіндеп кеңейту және жаңарту қажет. Көрші елдерге де қызмет көрсете алатын мәлімет өндеудің заманауи орталықтарын құру керек.

Біз еліміздің орасан зор ақпараттық-телекоммуникациялық әлеуетін іске асыра білуге тиіспіз. Жаңа цифрлық дәуірде ол геосаяси маңыздыға ие болады.

Қазақстан Еуразия өнірінің басым бөлігі үшін орталық цифрлық хабқа айналуға тиіс

Осы міндетті орындау үшін кадрлық әлеуетімізді қүшайтуіміз керек. Премьер-Министр маған өз ұсыныстарын берсін.

Келесі мәселе. Ауғанстандағы ахуал және жаһандық шиеленістің күшеюі бізге қорғаныс өнеркәсібі кешенін және Әскери доктринасының толығымен қайта қарауға міндеттейді.

Қорғаныс қабілетімізді нығайтып, қауіп-қатерлерге жедел үн қату мемлекеттік маңызы бар басымдыққа айналуға тиіс.

Біз сыртқы қатерге және оқиғаның қалай өрбүіне де дайын болуымыз керек.

Сырттан төнетін қауіпті модельдеу айрықша өзектілікке ие болуда.

Стрес-тест өткізіп, сценарийлер дайындаған жөн. Соның негізінде мемлекеттік аппараттың іс-қимыл жоспары әзірленіп, түзетіліп отыратын болады.

II. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТИМДІЛІГІН АРТТАРУ

Халқымыз "Бірінші байлық – денсаулық" деп бекер айтпаған.

Коронавирус денсаулық сақтау саласы үшін ұлken сынақ болды.

Әлемді жайлаған індettің беті әлі қайтар емес.

Күн сайын мындаған азаматымыз дертке шалдығып, талай адам өмірден өтуде.

Біз уақыт ұттырмай індепен күресу шараларын дереу қолға алдық.

Қазақстан – коронавирусқа қарсы вакцина жасап шығарған әлемдегі санаулы мемлекеттің бірі.

Біздің вакцинамыздың тиімді әрі қауіпсіз екенине еш күмән жоқ.

Қазір QazVac-қа өзге мемлекеттер де сұраныс білдіруде.

Елімізде вакцина қоры жеткілікті, азаматтарымыздың таңдау мүмкіндігі бар. Көптеген мемлекеттердің бұған қолы жетпей отыр.

Елімізде жаппай екпе салу жүріп жатқанымен, қогамда оған қарсы адамдар әлі де көп.

Олар өздері бас тартып қана қоймай, халықты кері үгіттеуде.

Соның кесірінен қаншама жүргтты адастыруда.

Мұндай адамдар өзінің ғана емес, өзгенің өмірі үшін де жауап беретінін түсінуге тиіс.

Сондықтан, екпе алуға қарсы үгіттеп жүргендердің жетегінде кетпеген жөн.

Адамзат көптеген індettі бастан өткерген.

Вакцина пайда болғаннан кейін ғана қауіпті дертерге тосқауыл қойылғанын ұмытпауымыз керек.

Алдағы уақытта әлемде коронавирустың жаңа штамдары шығуы мүмкін. Сарапшылар басқа да індептер пайда болатынын айтуда.

Біз оның қашан болатынын күтіп, қарап отыра алмаймыз.

Осында жағдайда өмір сүріп, әрі қарай дамуға бейімделуіміз керек.

Қазір "бустерлік вакцинаны" сатып алу өте маңызды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркелген вакциналарды тезірек сатып алу қажет.

Сонымен бірге, бүкіл денсаулық сақтау саласын тұрақты екпе алу жүйесіне дайындаған жөн.

Еліміздің биологиялық қауіпсіздігін болжаумен айналысатын Ұлттық жүйе құрылуға тиіс.

Бұл шара тиісті заң жобасында қарастырылған.

Парламенттен осы заң жобасын қазіргі сессияның соңына дейін қабылдауды сұраймын.

Медициналық сараптама жасайтын көптеген зертханамыз халықаралық стандартқа сай емес.

"Дені сау ұлт" жобасы бойынша кемінде 12 зертхананы жоғары технологиялық құралдармен жабдықтау қажет.

Соның арқасында зертханаларымыз 90 пайызға дейін халықаралық талапқа сай жұмыс істейтін болады.

Коронавирусқа қатысы жоқ ауруларға байланысты ахуалды нашарлатып алмауымыз керек.

Пандемия кезінде жоспарлы скринингтер мен ота жасау кейінге қалып жатыр.

Бұрыннан бар стандартты екпелер көптеген балаларға салынбай қалуда. Әрине, бұған жол беруге болмайды.

Медицина саласына қомақты қаржы құю керек.

Бұл қаражат инфракұрылымға, маман даярлауға және халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге жұмсалуға тиіс.

Фармацевтика өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлу қажет.

Вируспен құрес кезінде дәл осы сала еліміздің бәсекеге қабілеті мен қауіпсіздігі үшін маңызды екеніне көзіміз жетті.

Сондықтан, медицина өнімдерін Зертханалық және техникалық сынақтан өткізетін орталық құруымыз керек.

Жаһандық фармацевтикалық корпорациялармен ынтымақтастықты жандандырған жөн.

Инвесторларды тартып, озық технологияны және осы саладағы жаңа зерттеу жұмыстарын игеруді қолға алу керек.

Отандық тауар өндірушілермен жасалатын оффтейк келісім шарттарының көлемін арттырып, өнім түрін көбейту қажет.

Біздегі дәрі-дәрмек пен медициналық құрал-жабдықтың 17 пайызы ғана – отандық өнім. 2025 жылы оны 50 пайызға жеткізу қажет.

Денсаулық кепілі – дene шынықтыру.

Жұрттың және балалардың спортпен шұғылдануына жағдай жасалуы қажет екенін тағы да қайталап айтамын.

Облыс әкімдері спорт инфракұрылымын біртінде салуды қамтамасыз етуге тиіс.

Жалпы, Токио олимпиадасының қорытындысына байланысты спорттағы ахуалды бөлек кеңесте қарau қажеттігі туындал отыр.

ІІІ. САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ

Биылғы қаңтар айынан бастап педагогика саласы қызметкерлерінің жалақысы 25 пайызға көбейді.

Алдағы үш жылда осы мақсатқа тағы 1,2 триллион теңге жұмсаймыз.

Қабылданған шаралар жемісін беріп жатыр. Педагогикалық мамандықты қалап, оқуға түскендердің орташа балы күрт өсті.

Біз ұстаздарды қолдау саясатын жалғастыра береміз.

Қазіргі жаһандық өзгерістер кезеңінде түлектің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болып қалуы әбден мүмкін. Сондықтан, құзырлы министрліктің алдында оқу бағдарламаларын жаңа жағдайға бейімдеу міндепті тұр. Бұл – кезек күттірмейтін шаруа.

Пандемия кезінде қашықтан оқытудың нәтижесі ұлттық телекоммуникация желілерінің тиімділігі төмен екенін көрсетті.

Мұндай ахуал негізгі, қарапайым білімнің өзін менгере алмаған оқушылардың саны артуына әкеп соқты. Тағы бір проблема, нағыз қындық осы деуге болады, балалар оқуын тастан кетіп жатыр. Өйткені білім алуды қажет деп санамайтын болды.

Үкіметке бұл мәселе мен, атап айтқанда қашықтан білім беруге қажетті ақпараттық жүйенің сапасын жақсартумен мықтап айналысады тапсырамын.

Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс.

Сонымен бірге, жағымды жаңалығымыз да бар. Биыл бірнеше оқушы халықаралық пән олимпиадаларының женімпаздары мен жүлдегерлері атанды.

Ондай дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету қажет. Біз оларға жоғары оқу орнына тұсу үшін конкурстан тыс гранттар береміз. Бір реттік ақшалай сыйакы да төлейміз.

Балалардың ұстаздарын да моральдық және материалдық түрғыдан ынталандырған жөн.

Тұрмысы төмен отбасында өсіп жатқан балаларға орта білім берудің жалпыға міндепті стандартты аясында қолдау көрсету айрықша маңызды.

Материалдық қолдау көрсету шараларын "Цифрлы ұстаз" білім беру жобасымен толықтырған жөн.

Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет.

Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындағы нағыз ағартушы болуға тиіс.

Бұл ретте, ұстаздардың курстан өту үшін өз қалтасынан ақша төлеуіне жол берілмейді.

Орта білім беру жүйесіндегі өткір проблеманың бірі – мектептердегі орын тапшылығы. 225 мың оқушыға орын жетіспейді.

Шұғыл шара қабылдамасақ, 2025 жылға қарай орын тапшылығы 1 миллионға жетеді.

Мен 2025 жылға дейін кемінде 800 мектеп салу туралы тапсырма берген болатынмын. Бүгін оның санын бір мыңға жеткізуді міндеттеймін.

Мектептерді бюджет қаржысына салумен қатар, осы өзекті мәселені шешуге жеке секторды да тартқан жөн.

Толық білім беретін ауыл мектептерін оқушы санына қарай қаржыландыруға біртінде көше бастауымыз керек.

Балаларды ерте жастан мамандыққа бейімдеу айрықша маңызға ие болуда. Өскелен үрпақ өзінің болашақ кәсібін саналы түрде таңдай білуге тиіс.

Үкімет "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, осы маңызды міндетті шешумен айналысыу керек.

Біз "Тегін техникалық және кәсіби білім беру" жобасын жүзеге асыруды жалғастырамыз.

Бүгінгі таңда NEET санатындағы 237 мың жас оқу да оқымайды, жұмыс та істемейді.

Жыл сайын мектеп бітірген 50 мың түлек оқуға ақылы негізде түседі. Олардың 85 пайызы – тұрмысы төмен отбасының балалары.

Бұл жағдайды түзету қажет. Сұранысқа ие барлық мамандық бойынша техникалық және кәсіби білім жүз пайыз тегін берілуі керек.

Мамандық алудың тағы бір мүмкіндігі армияда берілуге тиіс.

Мерзімді әскери қызметтегі сарбаздардың экономикадағы нақты сектор үшін қажетті жұмысшы мамандығын игеру мәселесін пысықтаған жөн.

Құзырлы министрлік жоғары білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Жоғары оқу орындары мамандардың сапалы даярлануына жауап беруге міндетті.

Ғылымды дамыту – біздің аса маңызды басымдығымыз.

Бұл саладағы түйткілдердің шешімін табу үшін жылдың сонына дейін заңнамаға өзгерістер енгізу қажет.

Ең алдымен, жетекші ғалымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесін шешу керек.

Мұны ғылымға бөлінетін базалық қаражат есебінен қамтамасыз еткен жөн.

Мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында іргелі ғылыммен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарын тікелей қаржыландыру тәртібін енгізуі тапсырдым.

Құзырлы министрлік осындағы ғылыми мекемелерді іріктеудің және қаржыландырудың айқын әрі ашық ережесін әзірлеуі керек.

Келесі мәселе. Грант мерзімінің үш жылмен шектелуі іргелі ғылымды дамытуға едәуір кедергі келтіріп отыр.

Осындағы қысқа жоспарлау мерзімінде қандай да бір нәтижеге қол жеткізудің өзі қиын екені анық.

Ғылым саласын гранттық қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұзарту мәселесін қарастырған жөн.

Ұлттық ғылыми кеңестер шешімдерінің әділдігі туралы мәселе де күн тәртібінен түспей тұр.

Осыған орай, апелляция институтын енгізу қажет деп санаймын.

Жалпы, еліміздің білім беру және ғылым саласының алдында кезек күттірмес ауқымды міндет тұр.

Бұл – уақыт талабына сай болумен қатар, әрқашан бір адым алда жүріп, тың жаңаңылдықтар ұсына білу деген сөз.

IV. ӨҢІРЛІК САЯСАТТЫ ЖЕТИЛДІРУ

"Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің" басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мұддесі үшін жұмыс істеуге тиіс. Бұл бірінші кезекте жергілікті билікке қарата айтылып отыр.

Тұрғындармен тікелей қарым-қатынас жасап, олардың проблемаларын шұғыл шешушмен дәл осы әкімдіктер айналысады. Бірақ, әрдайым осылай болып жатқан жоқ. Жоғары басшылықтың өнірлерде қабылданған шешімдерді түзетуіне, тіпті, кейде солардың орнына шешім қабылдауына тұра келеді.

Тұрлі деңгейдегі әкімдердің батыл әрі дербес қадам жасауға қабілеті жетпей жатады. Олар орталыққа жалтақтап жұмыс істейді.

Бұл, негізінен, әкімдердің халық алдындағы қазіргі жауаптылық деңгейі жеткіліксіздігіне байланысты екенін мойындаған жөн. Олардың қызметіне баға бергенде өнір тұрғындарының пікірі ескеріле бермейді.

Сондықтан, барлық деңгейдегі әкімдердің жұмысын бағалау тәсілін онтайландыру керек.

Осыған орай тәуелсіз әлеуметтік сауалнама жүргізудің маңызы зор. Бұл тәсіл арқылы билік органдары жұмысының сапасына тұрғындардың көзқарасы туралы шынайы мәлімет алуға болады. Формальды есептерден гөрі сауалнамадан халықтың көніл-күйі анық аңғарылады.

Президент Әкімшілігі осы мәселеге байланысты ұсыныстар топтамасын әзірлеуі керек.

Өңірлік саясатта әлеуметтік-экономикалық дамудағы теңсіздікті азайтуға айрықша мән беру керек.

Әр аймақта тән міндеттерді жалпыұлттық басымдықтармен дұрыс ұштастыра білу қажет.

Ұлттық даму жоспары аясында азаматтардың тұрмыс сапасын арттыру үшін нақты 25 міндет айқындалды.

Жұмысымыздың басым бағыттары – осы. Сондықтан, Үкімет пен әкімдер Өнірлерді дамыту жоспарларын бекітілген жалпыұлттық міндеттерге сәйкес жаңартуы қажет.

Әрине, теңсіздікті азайтудың басты тәсілінің бірі – бюджет қаржысын басымдыққа сай жүмсау. Республикалық бюджеттен қаржы бөлу әкімдердің пысықтығына, қандай да бір жеке көзқарасқа және басқа да субъективті факторларға байланысты болмауы керек.

Бюджет үдерісін "қайта жүктеу" үшін жан басына қарай қаржыландыру тетігін неғұрлым кеңірек қолданып, бюджет лимиттерін бөлудің объективті әдістемесін енгізу қажет.

Бюджет үдерістерін женілдетіп, бюрократияны барынша азайтқан жөн. Сондай-ақ, бюджетті жоспарлау мен орындау кезінде цифрлық тәсілдерді қолдануды кеңейту керек.

Сонымен бірге бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жауапкершілігін арттыра отырып, бөлшектенген бюджетті енгізу керек.

Үкімет бюджет заңнамасы мен заңға тәуелді актілерге енгізілетін тиісті өзгерістер топтамасын әзірлегені абзal.

Жобалардың сметалық құнын үнемі артық көрсету – аса өткір проблема. Бұл балабақша және мектеп сияқты шағын жобаларға да, ірі инфрақұрылымдық жобаларға да қатысты.

Қолданыстағы нормативтік база мен тәжірибелі өте қысқа мерзім ішінде түбегейлі қайта қарау керек.

1 желтоқсанға дейін Үкімет пен Есеп комитетіне ұсыныстар енгізууді тапсырамын.

Келесі мәселе – өнірлердің қаржылық дербестігін арттыру.

2020 жылдан бастап шағын және орта бизнестен түсетін корпоративті табыс салығы жергілікті бюджетке берілді.

Содан бері экономикалық белсенділік төмендегеніне қарамастан, жергілікті бюджеттердің түсімі жоспардағыдан 25 пайызға артық түсे бастады.

Бұл әкімдердің жергілікті бизнесті дамытып, инвестициялар мен салықтық базаны көбейтуге қызығушылық артқанын білдіреді.

Осы бағыттағы жұмысты жалғастыру керек.

Үкіметтен жыл соңына дейін тиісті ұсыныстар топтамасын әзірлеуді сұраймын.

Қазақстан орнықты урбанизация үрдісімен келе жатыр.

Тұрғын саны миллионнан асатын қалалар еліміздің жаһандық бәсекелік қабілетінің тірегі, ал облыс орталықтары өз өнірлері өсімінің өзегі болуға тиіс.

Сондықтан, агломерацияны дамыту туралы заң мен қалалардың кешенді құрылышының жаңа стандартын әзірлеу керек.

"Адамдар – инфрақұрылымға" қағидатының сақталуы айрықша маңызды. Болашағы бар ауылдарды дамытуға баса назар аудару керек. Басты мақсат – олардың Өнірлік стандарттар жүйесіне сай болуын қамтамасыз ету.

Бұл ұстанымдар Аумақтық даму жоспарында бекітілуге тиіс.

Қазір өндірістік өнеркәсіптің 40 пайызы 27 монолиттердің еншісінде. Онда 1,4 миллион азаттымды тұрады.

Монолиттердің тыныс-тіршілікті одан әрі жандандыруға қатысты жан-жақты ойластырылған шешімдер қажет. Бұл мәселені біз жуық арада бөлек кеңесте талқылайтын боламыз.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту –басым бағыттың бірі.

"Халық қатысатын бюджет" орталыққа бағынатын қалалар мен облыс орталықтарына табысты енгізілді. Азаттардың нақты сұранысына сәйкес ондаған абаттандыру жобасы жүзеге асырылды. Бұл – жақсы тәжірибе.

Енді абаттандыру және тұргын-үй коммуналдық шаруашылығының бюджетіндегі "халық қатысатын" үлесті 10 есе арттыру керек.

Еліміздің ішкі байланысын жақсарту үшін көлік инфрақұрылымына қатысты бұған дейін басталған барлық жобаны аяқтауымыз керек.

"Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасы аясында орталықты өңірлермен жалғайтын біртұтас көлік желісі қалыптасуда. Стратегиялық маңызы зор инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды.

Әкімдер мен Үкімет әрбір өнір үшін дәл осындай Инфрақұрылымдық даму бағдарламасын қолға алуы керек.

Жергілік жерде инфрақұрылымды жаңғыртуға байланысты талайдан бері кордаланған мәселелер бар.

Үкімет "Самұрық-Қазына" қорымен бірлесіп, мынадай ауқымды жобаларды жүзеге асыруға кірісуі қажет.

Алматыдағы 2-ші жылу электр орталығының аумағында булы газ қондырғысын салу, 3-ші жылу электр орталығын жаңғырту және 1-ші жылу электр орталығын кеңейту керек.

Оңтүстік өнірде 1000 мегаватт энергия өндіретін жаңа қуат көздерін іске қажет

Алматы қаласы мен Алматы облысындағы кабель желілері жаңғыртылуға тиіс.

Бұл жобаларға салынатын инвестицияның жалпы көлемі бір триллион теңгеден асады.

Біз стратегиялық инвесторларымызбен бірлесіп, еліміздің түрлі өнірінде шамамен 2400 мегаваттық жаңғыртылатын қуат көзін іске қосамыз.

Еліміздегі экология мәселесі басты назарда болуға тиіс.

Әсіресе, ауаның тазалығы айрықша маңызды.

Сондықтан, мейлінше ластанған 10 қаланы орта мерзімді кезеңде газға немесе баламалы қуат көздеріне көшірген жөн.

Биыл батыс өңірлерін газбен қамтамасыз ету ісін жақсарту үшін жалпы сомасы 700 миллиард теңге болатын үш жоба бойынша жұмыс басталады.

Бұл – Қашағандағы газ өндіреу зауытының және "Мақат-Солтүстік Кавказ" магистралды газ құбырының құрылышы, сондай-ақ, "Бейнеу-Жаңаөзен" магистралды газ құбырын жаңғырту жұмысы.

Тағы бір маңызды мәселе бар.

Біріккен Ұлттар Ұйымы алдағы он жылдың ішінде жаһандық деңгейде су ресурсының тапшылығы болады деп болжам жасап отыр.

2030 жылға қарай су тапшылығының көлемі 40 пайызға жетуі мүмкін.

Сондықтан, біз жаңа технологиялар мен цифрландыру арқылы суды үнемдеуге көшуіміз керек.

Су тапшылығын жоюдың басқа жолы жоқ. Бұл – аса маңызды міндет.

Үкімет су пайдалануды реттеу және оны үнемдеу технологиясын енгізу жұмысын ынталандыру үшін нақты шешімдер әзірлеуге тиіс.

Су нысандарының экожүйесін сақтап, оны үнемді пайдалану үшін аса маңызды 120 каналды қайта жаңғыртуға кірісеміз.

Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстарында жаңадан 9 су қоймасы салынады.

Бұл – ауқымды жоба. Бірақ, біздің қолымызда қажетті ресурстың бәрі бар.

Атырау және Маңғыстау облыстарының аудандарын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін "Астрахан-Маңғыстау" магистралды су құбыры жаңғыртылады және Кендірлі кентінде су тұщытатын жаңа зауыт салынады.

Жалпы, ондаған жылдар бойы қомақты қаржы бөлінгеніне қарамастан, ауыз су мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ.

Сондықтан, Өнірлерді дамытудың ұлттық жобасы аясында бес жыл ішінде халықтың 100 пайызын таза ауыз сумен қамтамасыз етуді тапсырамын.

Бұл – Үкіметтің алдында тұрған басты міндет.

Мен тағы бір маңызды мәселеге арнайы тоқталғым келеді. Дүние жүзі өнеркәсіп пен экономиканы экологиялық тазартуға бет бұрды.

Қазір бұл – әншейін сөз емес, салық, баж және техникалық реттеу шаралары сияқты нақты шешімдер. Біз одан тыс қала алмаймыз. Мұндай шешімдер экспорт, инвестиция және технология трансферті арқылы елімізге тікелей әсер етеді.

Шын мәнінде, бұл – Қазақстанның орнықты дамуы мәселесі. Сондықтан мен 2060 жылға қарай көміртегінен арылу міндетін жүктеп отырмын.

Бұл бағытта өте байыппен жұмыс істеу керек. Кең-байтақ еліміздің тұрғындар саны да, экономикасы да өсіп келеді. Өсім сапалы болу үшін қуат көздері қажет.

Көмір дәүірі біртіндеп келмеске кетіп бара жатқан заманда жаңғыртылатын энергияға қоса, біз сенімді базалық қуат көздерін ойластыруға тиіспіз.

Қазақстанда 2030 жылға қарай электр қуатының тапшылығы пайда болады.

Әлемдік тәжірибеге қарасақ, мұның ең оңтайлы шешімі – бейбіт атом. Бұл – күрделі мәселе. Сондықтан қауесетке сеніп, эмоцияға берілмей, оны барынша тиімді шешуіміз керек.

Үкімет пен "Самұрық-Қазына" бір жылдың ішінде Қазақстанда қауіпсіз әрі экологиялық таза атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін зерттеуге тиіс.

Бұл мәселеге инженерлік саланы дамыту және атом саласындағы білікті инженер мамандардың жаңа буынын қалыптастыру мүмкіндігі тұрғысынан да қарау қажет.

"Жасыл" сутегі өндірісі, жалпы сутегі энергетикасы – болашағы зор бағыттар.

Үкіметке осы мәселе бойынша да ұсыныс әзірлеуді тапсырамын.

V. ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДА ТИІМДІ ЭКОЖУЙЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Пандемия еңбек нарығын едәуір өзгерти. Бұл – ең алдымен, қашықтан жұмыс істеу тәсілінің қарқынды дамуы.

Көптеген жаңа кәсіптер пайда болған, үдерістердің көпшілігі автоматтандырылып, цифрландырылып жатқан қазіргі кезде бұл үрдіс тың серпінге ие болуда.

Осындай жағдайда мамандықты жиі өзгерте білу және жаңа кәсіптерді игере алу арқылы ғана әркімнің бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ете аламыз.

Сондықтан, бізге "Кәсіби біліктіліктер туралы" заң қажет. Бұл құжат біліктілікті тану мәселесін реттеп, жұмысшыларды өзінің қарым-қабілетін жетілдіруге ынталандыруы керек.

Жаппай цифрландыру үдерісі интернет-платформалар негізінде жұмыспен қамтудың жаңа үлгісін алғып келді. Такси жүргізушилері, курьерлер және басқалар – осының жарқын мысалы.

Бұл сала әлеуметтік және медициналық сақтандыру, зейнетақымен қамту және салық салу тұрғысынан мемлекеттің қолғабыс етуіне мұқтаж болып отыр.

Біздің еңбек нарығымызға көші-қон үдерісі де зор ықпал етеді.

Қазақстан – еңбек мигранттарын қабылдау жағынан ТМД елдері ішінде екінші орында. Бұл саладағы проблемаларды дұрыс шешуіміз керек.

Үкімет Көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасын әзірлеуге тиіс. Онда шетелдерде жұмыс істеп жүрген өз азаматтарымыздың құқықтарын қорғау тәсілдері де көрініс тапқаны жөн.

Ел ішіндегі еңбек күшінің ұтқырлығы мәселесіне қатысты да жаңа ұстанымдар қажет.

Үкімет оңтүстікten солтүстікке көшіп жатқан азаматтарға жәрдемақы бөлудің қолданыстағы тәсілдерін қайта қарауы керек.

Атап айтқанда, оны әкімдіктер арқылы ғана емес, оңтүстік өңірлерден адамдарды өз бетімен жалдайтын жұмыс берушілердің шығынын өтеу арқылы да беруге болады.

Өз бетінше бизнеспен айналысқысы келетіндердің де көшуіне жағдай жасаған жөн. Көшіп келген азаматтарға үй салу ғана емес, ауыл шаруашылығымен айналысу үшін де

жер телімдерін беру мүмкіндігін пысықтау керек. Сондай-ақ, оларға мемлекеттік қолдау шаралары қолжетімді болуын қамтамасыз ету қажет.

Тағы бір мәселеге арнайы тоқталғым келеді.

Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан, қын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көмек көрсету – басты міндеттердің бірі.

Алайда, қоғамда патерналистік көніл-күй және әлеуметтік масылдық үрдісі белен алуда.

Ел ішінде әлеуметтік бағдарламаларды әдейі жеке мұддесіне пайдаланатын азаматтар аз емес.

Мұндай адамдар кез-келген өркениетті елдегі сияқты заңның және бүкіл қоғамның алдында жауап беруі керек.

Осындай жағдайлар "мемлекеттен ала берсем" деген көзқарас қалыптастырыды.

Ал, көмекке шынымен мұқтаж жандар, өкінішке қарай, әлеуметтік қолдау шараларынан тыс қалып жатыр.

Әрине, біздің еліміздің мүмкіндіктері зор, бірақ оның да шегі бар.

Ең бастысы, әлеуметтік жеңілдікке ие болсам деген орынсыз пиғыл адамды өз енбекімен табыс табу қабілетінен айырады.

Мұндай жағымсыз өмір салты ұрпақ тәрбиесіне қазірдің өзінде кері әсер ете бастады.

Сондықтан, бізге түбекейлі өзгеріс керек.

Заң да, қоғам да, адамдардың сана-сезімі де өзгеруге тиіс.

Дайындалып жатқан Әлеуметтік кодексте осындай мәселелерге барынша назар аудару керек.

VI. САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Саяси жаңғыруды біртіндеп жүзеге асыру – мемлекетіміздің стратегиялық бағдарының басым міндетінің бірі.

Соғы екі жылда біз бұл салада бірқатар елеулі өзгеріс жасай алдық. Митинг өткізу үшін алдын-ала ескерту қағидаты жазылған жаңа заң қабылданды, партиялардың Мәжіліске өту шегі 5 пайызға дейін төмендеді, сайлау бюллетендеріне "бәріне қарсымын" деген баған қосылды.

Осы және басқа да қадамдар қоғамда белсенді қолдау тапты.

Бұл бастамалар орнықты демократиялық даму бағдарымызды нығайтып, саяси жүйемізді сапалық тұрғыдан өзгертеді.

Сонымен бірге, азаматтарымызды мемлекет басқару ісіне барынша тартуға он ықпал етеді.

Бірақ мұнымен шектелуге болмайды.

Біздің мақсатымыз – мемлекеттің тиімділігін, саяси үдерістің ашықтығы мен бәсекелестігін одан әрі арттыру.

Сондықтан саяси реформалар жалғасады.

Мемлекеттілігімізді нығайта тұсу үшін барлық өзгерісті еліміздің өзіне тән ерекшелігін ескере отырып, біртіндеп жүзеге асырамыз.

Бұл – мықты, әділ әрі озық мемлекет құрудың бірден-бір дұрыс жолы.

Азаматтарымыз бұл ұстанымды қолдап отыр.

Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын енгізу аса маңызды қадам болды.

Бұл – менің былтырғы Жолдауымда айтылған саяси реформаның негізгі мәселесі. Осы шешім ауыл халқының, яғни қазақстандықтардың 40 пайыздан астамының мүддесіне тікелей ықпал етеді.

Біз дұрыс жолдамыз. 2024 жылы азаматтар пилоттық режимде аудан әкімдерін сайлау мүмкіндігіне ие болады.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін одан әрі жаңғыртудың маңызды факторы – азаматтық мәдениетті дамыту.

Президент Әкімшілігі облыс әкімдіктерімен бірлесіп, ауылдық жерлердегі азаматтық бастамаларды қолдаудың тиімді тәсілдерін әзірлеуі керек.

Гранттық қаржыландыру жүйесін ауылдағы үкіметтік емес ұйымдардың сұранысына қарай бейімдеп, оны алудың жеңілдетілген режимін енгізу қажет.

Бұл ауылдық жердегі әлеуметтік белсенделікке тың серпін береді.

Сайлау тізіміндегі әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота туралы норманың енгізілуі партияларды барынша белсенді жұмыс істеуге, жаңа адамдар іздең, өз қатарын жасартуға жетеледі.

Дегенмен, халық қалаулыларының түпкілікті құрамы жасақталғанда бұл квота сақталған жоқ.

Сондықтан, оның толыққанды әсері болуы үшін депутат мандатын бөлу кезінде осы квотаны міндетті түрде ескеру туралы норманы заң жүзінде бекіту керек.

Біз инклузивті қоғам құрып жатырмыз. Ерекше қажеттілігі бар тұлғалар әзірге еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде көп емес.

Квота бөлінетін азаматтар санатының тізімін кеңейтуді ұсынамын. Онда жастар мен әйелдерден бөлек, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға да квота белгілеу керек.

Мен адам құқығын қорғау саласын әрдайым жеке дара бөліп қарайтынымды білесіздер. Біз соңғы екі жылда бұл бағытта едәуір ілгері бастық.

Биыл қаңтар айында мен Өлім жазасының күшін жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Екінші Факультативтік Хаттаманы ратификациялау туралы заңға қол қойдым.

Енді Қылмыстық кодекстің нормаларын Екінші Факультативтік Хаттаманың ережелерімен үйлестіруіміз керек.

Тиісті заң жылдың соңына дейін қабылданады деп сенемін.

Осы жаздың басында менің Жарлығыма сәйкес Үкімет Адам құқығын қорғау жөніндегі кешенді жоспарды бекітті.

Осы маңызды құжат Қазақстанда адам құқығын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру үшін ұзақ мерзімді институттық негіз қалыптастырады.

Атап айтқанда, кешенді жоспар қабылданғаннан кейін гендерлік тенденцияның қамтамасыз ету үшін белсенді жұмыс басталды. Осыған орай әйелдердің қоғамдағы экономикалық және саяси ұстанымын барынша қолдауды қамтамасыз еткен жөн. Бұл жұмысқа Президент Әкімшілігі жауапты.

Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасына да өзгерістер енгізген жөн.

Құқық қорғау жүйесінде елеулі өзгерістер басталды.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап әкімшілік әділет жүйесі жұмыс істей бастады. Бұл институт мемлекеттік аппарат пен азаматтардың өзара қарым-қатынасын жаңадан қалыптастырады.

Сот қызметінің заманауи үлгісі енгізіліп, артық сот үдерістері қысқартылуда.

Заңнамадағы барлық қайшылықтар мен көмексіліктер азаматтар мен бизнесің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілді.

Үш буынды модель енгізілгеннен кейін қылмыстық процеске қатысуышыларды қорғау күшейді. Осы жылдың басынан бері екі мыңдан астам азаматты қылмыстық жауапқа негізсіз тартуға жол берілген жоқ.

Прокурорлық қадағалаудың жеделдігі артты. Негізсіз шешімдердің 98 пайызы үш тәуліктің ішінде күшін жойды. Прокурорлардың айыптау актілерін дайындау жөніндегі құзыретін біртіндеп кеңейте беру қажет. Бұл қадам олардың жауапкершілігін арттырып, тергеу нәтижелеріне құқықтық баға беру тетіктерін нығайтады.

Ішкі істер органдары осы салаға тән емес бірқатар функциядан арылды. Участекілік инспекторлардың мәртебесі артты. Олар құқықбұзушылықтардың алдын-алу саласында қосымша өкілеттікке ие болды.

Бірнеше өнірде полицияның сервистік моделі пилоттық режимде жұмыс істей бастады. Келесі кезең – оның ауқымын кеңейту. Бұл жұмыстың табысты болуы көбіне жергілікті билік органдарының осы үдеріске қатысуына байланысты болады. Олар жаңа өзгерістердің мән-маңызын түсініп, полицияға қолғабыс етуге тиіс.

Сонымен қатар, қылмыспен құресудің практикалық мәселелерін назардан тыс қалдырмау керек.

Алаяқтықтың көбеюіне байланысты азаматтардың наразылық білдіруі орынды. Бас прокуратура алаяқтыққа және қаржы пирамидаларына қарсы кешенді шаралар әзірлейтін болады.

Балаларға, соның ішінде ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға қарсы жыныстық қылмыстардың алдын-алу және оның жолын кесу ерекше бақылауда болуға тиіс.

Өскелен ұрпақтың болашағына қауіп төндіретін тағы бір қатер – есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің де таралуы. Құқық қорғау органдарына бұл

қатердің азаматтар арасында, әсіреле жастардың ішінде таралуына барынша тосқауыл қоюды тапсырамын.

Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресті жалғастыру қажет. Құзырлы агенттік жыл соңына дейін орта мерзімді кезеңдегі іс-қимылымыздың бағдарламасын айқындайтын стратегиялық құжатты бекітуге ұсынуы керек.

Бұл ретте, "тұрмыстық сыйбайлас жемқорлықты" жоюға айрықша назар аударған жөн.

Азаматтардың құқығын қорғағанда құқық қорғаушылардың, соның ішінде адвокаттардың құқығы туралы ұмытпаған жөн.

Олардың қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, жұмысына кедергі келтіретін заңсыз әрекеттердің жолын кесу қажет.

Жоғарыда аталған шаралардың бәрі саяси жүйені және адам құқығын қорғау ісін жетілдіруге бағытталған стратегиялық бағдарымыздың құрамдас бөлігі саналады.

VII. ҰЛТТЫҢ ҰЙЫСУЫ – ОДАН ӘРІ ДАМУДЫҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

Қазір Қазақстан мұлде жаңа дәуірге қадам басты.

Соған сәйкес қоғамдық өмірдің барлық саласы түбебейлі өзгеруде.

Жаһанды тұрақсыздық жайлап, көптеген жаңа сын-қатер пайда болып жатқан кезде біз бағдарымызды бекемдең, болашаққа көзқарасымызды айқындай түсуіміз қажет.

"Бірлігіміз – әралуандықта" деген басты қағидамыз ешқашан өзгермейді.

Сондықтан, этносаралық қатынастардың үйлесімді дамуы Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағытының бірі болған, әрдайым солай болып қала береді.

Бұл – бекерге айтылған сөз емес. Мұндай ұстанымды қазақстандықтардың басым көпшілігі қолдайды.

Біздің азаматтарымыз үшін келісім мен толеранттылық – мәдениеттер мен тілдерді өзара тоғыстыратын өмірдің шынайы көрінісі, нақты болмысы.

Біз – Конституцияда айтылғандай, біртұтас халықтыз. Біздің нағыз күшіміз – осында. Біз пікір алуандығын қолдай отырып, радикализмнің кез-келген көрінісінің жолын кесеміз, мемлекеттік егемендігімізге, аумақтық тұтастығымыздың қол сүфуга жол бермейміз.

Қоғамдағы бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Этносаралық және конфессияаралық қатынастың қаншалықты маңызды екенін барлық азаматтың түсінүі қажет.

Біз қашанда алауыздыққа қарсы тұра білген елміз.

Адамды тіліне, ұлтына, нәсіліне қарап кемсітуге, біреудің намысына тиуге жол бермейміз, заң бойынша жауапқа тартамыз.

Конституцияға қайши мұндай жауапсыз қадамдар еліміздің негізгі мүдделеріне зиян келтіреді.

Қазақ тілін дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі болып қала береді

Бұл салада айтарлықтай нәтиже бар.

Қазақ тілі, шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналуда.

Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді.

Бұл – занды құбылыс, өмірдің басты үрдісі.

Сондықтан, қазақ тілінің өрісі тым шектеліп бара жатыр деуге негіз жоқ.

Атазаң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі.

Орыс тілі ресми тіл мәртебесіне ие. Біздің заңнамаға сәйкес, оның қолданылуын шектеуге болмайды.

Болашағын Отанымызбен байланыстыратын әрбір азамат қазақ тілін үйренуге ден қоюға тиіс.

Бұл отаншылдықтың басты белгісі деуге болады.

Жастарымыз өзге тілдерді, соның ішінде орыс тілін жетік менгерсе, бұдан еш ұтылмайды.

Қазақстан мен Ресей арасындағы шекара – әлемдегі ең ұзын шекара.

Орыс тілі – Біріккен Ұлттар Ұйымындағы ресми алты тілдің бірі.

Сондықтан, бұл мәселеге парасаттылықпен қарауымыз қажет.

Еліміз өркениетті диалог пен өзара сыйластық мәдениетін дәріптеуі керек.

Қазақстан халқы Ассамблеясының бұл саладағы рөлі айрықша.

Біз Отанымыз және барлық азаматымыз үшін жауапкершілікті сезінуіміз қажет.

Қоғамды ұйыстыру, ұлттық бірегейлікті нығайту ісінде еліміздің тарихи мұрасын және мәдени әлеуетін тиімді пайдалануға баса мән беріледі.

Бұл орайда Қазақстанның мүмкіндіктері зор, соның ішінде өзін халықаралық аренада тиімді таныта алады.

Дегенмен, бұл мәселеге қатысты саясатымызды қайта қарау қажет. Қазір мемлекет бюджет қаржысын онды-солды иелене беретін белгілі бір қайраткерлердің ғана жобаларын қаржыландырып отыр. Бұл, әрине, түсініксіз жағдай.

Жас әрі дарынды мұсіншілер, суретшілер, театр қызметкерлері, музыканнтар, қаламгерлер жаңа жанр түрлерін игеріп, ұдайы ізденіс үстінде жүреді. Сөйте тұра, олар елеусіз қалып, меценаттардың көмегімен ғана күн көреді. Шын мәнінде, Қазақстан мәдениеті сол жас дарындардың арқасында жаһандық деңгейде танылып жүрген жоқ па ?!

Сондықтан Үкімет сарапшылармен бірлесіп, жыл соңына дейін жаңа мәдениетті және оның дарынды өкілдерін дәріптеуге бағытталған нақты шаралар жоспарын ұсынуға тиіс.

Креативті индустріяны қолдау қорын құру мүмкіндігін қарастырған жөн.

Халқымыз үшін зиялды қауымның орны қашанда ерекше.

Ұлт тағдыры сынға түскен сәтте көзі ашық азаматтар әрдайым көш бастаған.

Адасқанға жөн сілтеп, жастарға бағыт-бағдар берген. Ел агалары бір ауыз сөзбен тентегін тыйып, тектісін төрге оздырған.

Біз қанымызға сіңген осы қасиеттен айрылмауымыз керек.

Қазір – ғаламтор дәуірі. Ондағы бей-берекет ақпарат тасқының ұрпақтың санасын улап жатыр.

Бір сәттік танымалдықты көксейтін тамырсыз идеялар жаппай белен алуда.

Бұл – аса қатерлі үрдіс.

Дәл осы кезеңде ұлт зиялышарының ұстанымы және белсенділігі айрықша маңызды.

Зиялышардың еңбегі марапатымен емес, салиқалы сөзімен және нақты ісімен бағаланады.

Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сініру.

Отаншылдық, білімге құштарлық пен еңбекқорлық, бірлік пен жауапкершілік сияқты қасиеттер дәріптелуі керек.

Сондықтан, зиялыш қауымды ел болашағына әсер ететін әрбір мәселеден шет қалмауға шақырамын.

Диалог пен азаматтық қатысу дәстүрін дамыту, ынтымақтастығымыз бен бірлігімізге негіз болатын озық құндылықтарды дәріптеу біз үшін маңызды.

Біз бірге болсақ қана, тендересіз елдік бірегейлігімізді нығайта аламыз.

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев талай рет атап өткендей, этносаралық және конфессияаралық татулық – біздің баға жетпес байлығымыз.

Мемлекетіміздің болашағы үшін біз ішкі тұрақтылық пен жалпыұлттық бірлігімізді сақтап, нығайтуға міндеттіміз.

Құрметті отандастар!

Біздің жақын арадағы негізгі басымдықтарымыз – осындай.

Қазақстанның басты байлығы – Еліміздің азаматтары.

Сіздердің амандықтарыңыз – менің Президент қызметіндегі ең басты мақсатым әрі тілегім.

Сондықтан, менің келесі бастамаларым, ең алдымен, халқымыздың әл-ауқатын арттыруға арналады.

БІРІНШІ БАСТАМА

Ең төменгі жалақы деңгейін қайта қарайтын кез келді деп санаймын.

Бұл – бір жағынан аса маңызды макроиндикатор болса, екінші жағынан – әркімге түсінікті көрсеткіш.

Бізде ең төменгі жалақы мөлшері 2018 жылдан бері өскен жоқ.

Қоронавирусқа байланысты әлемдік дағдарыс тұрғындардың табысына көрі әсер етті. Оның үстіне Қазақстан ең төменгі жалақы деңгейі бойынша ТМД-ның бірқатар елдерінен артта қалып қойды.

Сондықтан, 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақының қазіргі 42,5 мың теңгеден 60 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым.

Бұл шара бір миллионнан астам адамға тікелей, ал бүкіл еңбеккерлерге жанама әсер етеді.

Сонымен бірге, көлемі бүгінде жария етіліп жүрген жалақының 30, тіпті кейде 40 пайызына дейін жететін "көлеңкелі" еңбекақы қорын азайтады.

Ең төменгі жалақы мөлшерін көбейту ішкі тұтынуды өсіріп, экономикаға он әсер етеді. Сарапшылардың бағалауы бойынша, бұл Ішкі жалпы өнімді 1,5 пайызға арттырады.

Бұдан былай ең төменгі жалақыны салықтық, әлеуметтік және басқа да салаларда есептік көрсеткіш ретінде орынсыз пайдалануды қою керек.

Үкімет пен Парламенттен жыл соңына дейін қажетті өзгерістерді заңнамаға енгізіп, оның келесі жылы қаңтар айында күшіне енуін қамтамасыз етуді сұраймын.

ЕКІНШІ БАСТАМА

Қазақстанда 6,5 миллионнан астам адам жалданып жұмыс істейді. Мұны өздеріңіз жақсы білесіздер. Олардың негізгі табыс көзі – жалақы.

Бұл ретте, еңбекақы төлеу қорының өсімі соңғы 10 жылда кәсіпорын иелері табысының өсімінен 60 пайызға жуық қалып қойды. Осыған байланысты Үкімет бизнесті өз жұмысшыларының жалақысын көбейтуге ынталандыратын "ұтымды" шаралар әзірлейді.

Қызметкерлерінің еңбекақысын көбейткен жұмыс берушілерге реттелмелі сатып алу жүйесі аясында жеңілдіктер беріледі. Сондай-ақ, оларға мемлекет тарапынан белсенді қолдау көрсетілетін болады.

ҮШІНШІ БАСТАМА

Еңбекақы төлеу қорына түсетін салмақтың өзі барынша түсінікті әрі қарапайым болуы қажет.

Бұл, әсіресе, микро және шағын кәсіпкерлік саласында қатты сезіледі.

Мұндай бизнес үшін жиынтық салмақты 34 пайыздан 25 пайызға төмендете отырып, еңбекақы төлеу қорынан бірыңғай төлем енгізуі ұсынамын.

Бұл шара бизнесті мыңдаған қызметкерін "көлеңкеден шығаруға" ынталандырады. Сонда олар зейнетақы жүйесінің, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйесінің толық қатысушысына айналады.

Бұл мәселеде науқанышылдыққа жол беруге болмайды. Бизнестің жұмысында іркілістер мен шығындар болмауы үшін тиісті төлем жүйесін даярлау қажет. Жаңа жүйе 2023 жылғы 1 қантардан бастап жұмыс істей бастауға тиіс.

ТӨРТІНШІ БАСТАМА

2020 жылдан бастап 600 мыңнан астам педагог пен дәрігердің, әлеуметтік сала қызметкерінің жалақысы өсті.

Бірақ, бюджеттен қаржыланатын өзге сала азаматтары бұдан тыс қалды.

Бұлар – мәдениет қызметкерлері, мұрағатшылар, кітапханашылар, техникалық қызметкерлер, қорықшылар, көлік жүргізушилер және басқалар.

Сондықтан 2022 жылдан 2025 жылға дейін мемлекет осы санаттағы азаматтық қызметкерлердің жалақысын жыл сайын орта есеппен 20 пайызға өсіретін болады.

Тұластай алғанда, тағы 600 мың отандасымыз бұл бастаманың игілігін көреді.

БЕСІНШІ БАСТАМА

Тұрғын үй азаматтарымыз үшін – қашанда басты мәселе.

"Баспана хит" және "7-20-25" сияқты тұрғын үй бағдарламаларының мерзімі таяу арада аяқталады.

Сонымен қатар, нарықтық ипотека ставкасы әлі де жоғары және жүрттың бәріне бірдей қолжетімді емес.

Осыған орай, бірыңғай тұрғын үй бағдарламасы әзірленетін болады.

Ұлттық даму институтына айналатын "Отбасы банкі" оның әкімшісі болып белгіленеді.

Банк алдында "бір терезе қағидаты" бойынша есеп жүргізіп, азаматтарға тұрғын үй бөлу міндеті тұр.

Мен бұған дейін зейнетақы жинағын мерзімінен бұрын пайдалану туралы бастаманың оң әсері туралы айттым.

Сондай-ақ, бұл қадам адамдардың жұмыс берушілерден еңбекақыны ашық төлеуді талап етуіне жол ашты.

Осы үрдісті қолдау үшін зейнетақы жинағының жеткілікті мөлшерінің шегінен асатын бөлігін тұрғын-үй сатып алу мақсатында "Отбасы банкіндегі" есепшотқа аударуға рұқсат беру қажет деп санаймын.

Сонымен қатар, бұл қадам жүрттың қаражат жинауды және оны сауатты жұмсауды дағдыға айналдыруына мүмкіндік береді.

Күрметті депутаттар!

Жетінші шақырылымдағы Парламент өзінің бірінші сессиясында 63 заң қабылдады.

Қос палата бірлесіп, елімізде жүйелі өзгерістер мен реформалар жасауға қажетті заңнамалық негіз қалыптастырыды.

Бұгін Парламенттің кезекті сессиясы басталмақ.

Алдымызда көптеген маңызды міндет тұр.

Әрбір заң жобасының қыр-сырына терең үніліп, оны сапалы дайындау керек.

Сіздер халықтың мұддесін қорғау үшін әрдайым табандылық танытуға тиіссіздер.

Әрбір шешім елдің сұранысын да, мемлекеттің мүмкіндігін де ескере отырып қабылдануы қажет.

Осы жауапты жұмыста сіздерге сәттілік тілеймін!

Қымбатты отандастар!

Біздің бағытымыз – белгілі, мақсатымыз – айқын.

Ең бастысы, сол мақсатқа жету үшін не істеу қажеттігін жақсы білеміз.

Нақты жоспар жасап, соны жүзеге асырып жатырымыз.

Біз қолға алған игі бастаманың бәрін соңына дейін жеткіземіз.

Кез-келген кедергіні еңсеріп, қыындықты жеңуге дайынбыз.

Мен Мемлекет басшысы ретінде халық үшін барлық күш-жігерімді жұмсай беремін.

Мемлекеттік қызметкерлер және бүкіл қоғам біртұтас ел ретінде алдымызда тұрган міндеттерді орындау үшін жұмылуға тиіс. Әйтпесе, ертең кеш қалуымыз мүмкін.

Себебі дүние жүзіндегі ахуал құбылмалы әрі түрлі сын-қатерлерге толы.

Меніңше Мемлекет басшысының бағдарына күмән келтіретіндер, жұмыс істеу қолынан келмейтіндер, ебін тауып орнында отыра беруді қалайтындар, Президенттің тапсырмаларын орындаудан жалтаратындар қызметтен кетуге тиіс.

Қазір біз ел дамуының шешуші кезеңіне қадам бастық.

Мемлекеттік аппарат біртұтас құрылым ретінде жұмыс істеуге міндетті. Солай болған жағдайда ғана біз көздеңген мақсаттарымызға қол жеткіземіз.

Мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды.

Шын мәнінде, ұйымдастың ұтады.

"Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді" деп халқымыз бекер айтпаған.

Біздің күш-қуатымыз – берекелі бірлікті!

Ендеше, бірлігімізді бекемдеп, ел үшін еңбек етейік!

Қасиетті Отанымыз мәңгі жасай берсін!